

Арын А.А.¹, Айдарбаев С.Ж.²

¹докторант, e-mail: Aizhan_moon777@mail.ru

²заң ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: aydarbaevs@gmail.com
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСІНДЕ КҮДІКТІ МЕН АЙЫПТАЛУШЫ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Бұл мақалада авторлар Қазақстанның қылмыстық процестік заңнамасының күдікті мен айыпталушылар институтына қатысты даму үрдістерін ашып көрсетеді. Сонымен қатар оны ашу барысын айыпталушы мен күдікті институтының негізі болып табылатын Қылмыстық процестік кодексіне айыпталушы мен күдікті түсінігінің жетілу барысынан бастайды. Сондай-ақ, мақалада айыпталушы мен күдікті институтын құрудың тарихи-құқықтық әлеуметтік жағдайлары талданады. Авторлар Қазақ хандығы тарихында сот өндірісінің пайда болғанын аша бастайды. Сол кездері қазақ қоғамында сот өндірісін хан, сұлтандар және билер жүзеге асырған. Сондай-ақ қазақ қоғамында көптеген атқарылған істер алқа билер сотының көмегімен шешілген. Автор билер соты жүргізген сот өндірісін егжей-тегжейлі сипаттап, сонымен қатар билер сотындағы айыпталушылар мен күдіктілердің ерекшеліктеріне жалпылама сипаттама береді. Сонымен қатар 18 ғасырда Қазақ хандығы Ресей патшалығының құрамына енгендіктен, қазақ қоғамында билер соты ұзақ уақытқа сақтала алмады. Осыдан кейін Қазақ хандығына байланысты Ресей патшалығының іс-әрекетінің бірі болып, қазақ қоғамына өз заңдарын енгізу әрекеті болды. Осы кезеңнен бастап бұл Қазақстандағы айыпталушылар мен күдіктілер институтының дамуына әсер етті. Автор Қазақстанда тарихтың осы кезеңінен бастап айыпталушылар мен күдіктілер институтының Ресей империясымен қатар дами бастағанын түсіндіреді. Әртүрлі заңнамалық актілерге байланысты әр уақыт кезеңінде жеке тұлғаны айыпталушы мен күдікті ретінде іске қатыстыру институтын салыстыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Талдаудың негізінде автор күдікті пен айыпталушының халықаралық деңгейде құқықтық мәртебесін бұзылуы туралы өзекті мәселені ашып айтады. Ол сондай-ақ бұл мәселені шешуде қамауда отырған күдіктілер мен айыпталушыларға қатысты халықаралық нормаларды талдауды қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: Қазақстан Республикасы, қылмыстық процесс, күдікті, айыпталушы.

Aryn A.A.¹, Aydarbaev S.Zh.²

¹Doctoral student, e-mail: Aizhan_moon777@mail.ru

²Doctor of Law, Professor, e-mail: aydarbaevs@gmail.com
Department of International Relations, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty

Trends in the Development of Legislation on Suspects and Accused Persons in the Criminal Process of Kazakhstan

In this article, the author reveals the development trends of the criminal procedure legislation in Kazakhstan regarding the institution of the suspect and the accused. And the author starts from the foundations of the institution of suspects and accused from the study of the criminal procedural legislation in the process of improving the concept of the suspect and the accused. The article also analyzes historical and legal social conditions for the establishment of the institution of the accused and the suspect. The author revealing this part of history begins with the appearance of lawsuits in the Kazakh Khanate. At that time,

the judiciary in Kazakh society was exercised by the khan, the sultans and the biy. And also in the Kazakh society the majority of cases were solved with the help of the court of the biys. The author describes in detail the judicial process with the judge, and gives a generalized description of the characteristics of the suspects and accused during the trial of the biys. So, as in the 18th century the Kazakh Khanate became part of the Russian Empire, the court of bey did not stay for a long time in the Kazakh society. After this, one of the actions of the Russian Empire against the Kazakh Khanate, was reflected with the introduction of its laws into the Kazakh society. Since that moment, this has affected the development of the institution of accused and suspected in Kazakhstan. The author will explain that at this stage of history in Kazakhstan the institution of accused and suspects began to develop along with the Russian empire. Particular attention is paid to comparing the institution of involving a person as an accused and a suspect in a different period of time, in connection with various legislative acts.

On the basis of analysis, the author reveals the actual problem to date of violation of the legal status of the suspect and the accused at the international level. It also provides an analysis of the international norms for dealing with suspects and accused in custody as a solution to this problem.

Key words: Republic of Kazakhstan, criminal process, suspect, accused.

Арын А.А.¹, Айдарбаев С.Ж.²

¹докторант, e-mail: Aizhan_moon777@mail.ru

²доктор юридических наук, профессор, e-mail: aydarbaevs@gmail.com
факультет международных отношений, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

Тенденции развития законодательства о подозреваемых и обвиняемых в уголовном процессе Казахстана

В данной статье автор раскрывает тенденции развития уголовно-процессуального законодательства в Казахстане относительно института подозреваемых и обвиняемых, начиная с основ института подозреваемых и обвиняемых, с изучения уголовно-процессуального законодательства в процессе усовершенствования понятий подозреваемого и обвиняемого. Так же в статье анализируются историко-правовые социальные условия становления института обвиняемого и подозреваемого. Авторы, раскрывая эту часть истории, начинают с появления судебных процессов в Казахском ханстве. В то время судебную власть в казахском обществе осуществляли хан, султаны и би. А также в казахском обществе большинство дел решалось с помощью суда биев. Авторы подробно описывают судебный процесс суда биев и дают обобщенную характеристику особенностям подозреваемых и обвиняемых в эти времена. Так как в 18 веке Казахское ханство вошло в состав Российской империи, суд биев не задержался на долгое время в казахском обществе. После этого одним из действий Российской империи в отношении Казахского ханства было внедрение своих законов в казахское общество. Это отразилось и на развитии института обвиняемых и подозреваемых в Казахстане. Авторы поясняют, что на данном этапе истории в Казахстане начал развиваться институт обвиняемых и подозреваемых наравне с Российской империей. Особое внимание уделено сравнению института привлечения лица в качестве обвиняемого и подозреваемого в разное время, в связи с различными законодательными актами.

На основании анализа раскрывается актуальная на сегодняшний день проблема о нарушении правовых статусов подозреваемого и обвиняемого на международном уровне и делается анализ международных норм обращения с подозреваемыми и обвиняемыми, содержащимися под стражей, как решение данной проблемы.

Ключевые слова: Республика Казахстан, уголовный процесс, подозреваемый, обвиняемый.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстанның алдында әлемдегі бәсекеге қабілетті отыз елдің бірі болу стратегиялық міндеті тұр. Сондықтан біздің мемлекетіміздің әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан елдердің қатарына қосылудың бірі ретінде құқықтық мемлекет құру және одан кейін сот реформасын жасау болып табылады. Сот реформасы қылмыстық процестік заңнамасы мен дәлелдеу процесінің өзін де камтиды, бірақ оның

көптеген ережелері ескіргендіктен бірнеше жыл көлемінде қылмыстық-процессуалдық салада қауіпсіздік жүйесі үшін репрессивтік міндеттер басым болды, бұл құқықтық мемлекет құратын Қазақстан үшін қолайсыз екендігін көрсетеді (Апаханов, 2007: 7).

Қылмыстық сот өндірісінің оңтайлы жобасынсыз мемлекетте тиімді қылмыстық саясат жүргізу мүмкін емес (ҚР 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Жарлық, 2009).

Қазіргі заманғы демократиялық, құқықтық мемлекеттің сипаттамасына сәйкес тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын анықтайтын конституциялық нормаларға негізделген қылмыстық процессуалдық заңнаманың дамуы заң шығарушының негізгі мақсаты болып табылады; сондай-ақ тұлғаның тікелей іс-әрекетінің мағынасын анықтайтын, оған сәйкес заңның мазмұнымен қолданылуы және сот төрелігін қамтамасыз ету болып табылады (Сулейменова, 2007: 3). Сондықтан қылмыстық процессуалдық құқықтың басым дамуында адамның құқықтары мен бостандықтарын сөзсіз қорғауға бағытталған қылмыстық сот өндірісінің негізгі қағидаларын сатылай жүзеге асыру болып қала береді. Көптеген жылдар бойы Қазақстанда жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретін заманауи қылмыстық сот өндірісі жүйесін құру үшін көп жұмыстар жасалды. Жаңа Қылмыстық процесстік кодекстің жобасында қылмыстық сот өндірісін жетілдіруге бағытталған көптеген жаңа үрдістер бар. Құқықтық мемлекет құрылымын құруда ҚПК дамуының өзектілігін ескере отырып, біз күдікті мен айыпталушы институтына қатысты қолданыстағы ҚПК-мен салыстырғанда өзгерістерді қарайтын боламыз.

Көптеген адамдар үшін құқық қорғау органдары қызметкерлерімен ұсталу және қамауға алыну – жағдайлардың ішіндегі ең қиыны болып табылады. Мәжбүрлеп мойындату, сонымен қатар азаптау арқылы, одан да бетер қиындық туындату болып саналады. Бірақ біздің қазақстандық құқықтарымыздың арқасында қылмыстық заңдардың қолданылуы жақсы жетілдірілген конституциялық қағидалармен бекітілген. Таңқаларлығы, осы қорғаныстардың көпшілігі соңғы онжылдықта пайда болды, ал қалғандары біздің тоталитарлық тарихымызда кеңінен тамыр жайған (Rights of the Accused, 1999). Осыдан барып төмендегідей сұрақтар туындайды: Күдіктілер мен айыпталушылар институты субъектілерінің ұғымы қандай? Қазақстанда күдіктілер мен айыпталушылар институтының заңнамасының дамуы неден бастау алды? Ресей патшалығы құрамындағы Қазақ хандығында күдікті мен айыпталушы институты қалай қалыптасты? КСРО дәуірінде Қазақстанда күдікті мен айыпталушы институтына қатысты заңнамасының қандай даму үрдістері болды? Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық процесстік кодексінде күдікті және айыпталушы институтының халықаралық деңгейде одан әрі даму үрдістері қандай?

Мақаланың негізгі мақсаты жоғарыда көрсетілген сұрақтардың мазмұнын толыққанды ашу және Қазақстанның қазіргі қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамасындағы күдікті мен айыпталушының құқықтық мәртебесін анықтау.

Әдістеме. Аталған мақаланы жазу барысында қылмыстық процесстегі күдікті мен айыпталушы туралы ұғымдардың, ол туралы заңнаманың даму үрдістерін зерттеп талдауға мүмкіндік берген тарихи, салыстырмалы-құқықтық, диалектикалық және т.б. әдістер қолданылды.

Негізгі бөлім

Қазіргі қылмыстық процесстегі күдікті туралы ұғым.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының заңнамасында орын алған трансформациялық үдерістер қылмыстық сот өндірісінің тәртібін реттейтін Қылмыстық-процестік кодексінің пайда болуына алып келді, сондай-ақ бұл үдерістер күдікті мен айыпталушы институтын қамтыды. Күдікті мен айыпталушы институтының болуы туралы ғылымдағы ұсыныстардың алуан түрлілігі, оның құқықтық талдау қажеттігін айқындайды.

Күдіктінің ұғымы туралы мәселе теория да және қылмыстық іс жүргізу тәжірибесінде де ең даулы мәселелердің бірі болып табылады. Көптеген іс жүргізушілер күдіктінің ұғымын кеңінен талдауды ұсынады. Алайда олардың ұсыныстары алуан түрлі (Когамов, 2005а: 11).

Адамды күдікті ретінде тану үшін М.Г. Когамов, біріншіден, қылмыс жасаған адам екендігін көрсету үшін деректер қажет; екіншіден, тұлғаны күдікті ретінде танытатын процессуалдық актінің болуы. Осы көрсетілген актілер қатарына автор төмендегілерді жатқызады: қамау туралы хаттама, айып тағылуға дейінгі алдын алу шарасын қолдану туралы қаулы, күдікті ретінде жауап алу туралы хаттамаға, күдіктінің іс-әрекетіне қатысты сараптама тағайындау туралы, тінту жүргізу туралы қаулымен таныстыру хаттамасы; куәландыру жұмысын жүргізу туралы қаулы; сауалнама жүргізу туралы шешім; мүлікті тәркілеу тәртібі туралы қаулысы (Когамов, 2005б: 11).

Л.М. Башкатов айтуынша, тұлға оны ұсталғанға дейін немесе оған қарсы айып тағылғанға дейін де күдікті ретінде табыла береді. Сондай-ақ күдіктіге қатысты мәжбүрлеудің тінту, жеке тінту және басқа да шараларды қолданылуы жүргізілуі мүмкін (Башкатов, 2002: 33).

Жоғарыда көрсетілгендерді қорытындылай отырып мынадай нәтижелер шығаруға болады: күдікті тұлғаның процесте пайда болуы, біріншіден, қылмыс жасаған белгілі бір тұлғаның кінәлі екендігін дәлелдейтін айғақтардың болуы (әрине, айып тағу үшін дәлелдер жеткіліксіз болады); екіншіден заңмен қарастырылған процессуалдық шаралардың қолданылуы. Басқаша айтқанда, осы жағдайда фактілік мәліметтерге, дәлелдемелерге негізделген күдіктердің болуы шарт (ҚР ҚПК, 2014а).

Осылайша, егер күдікті негізі болып табылатын нақты дәлелдердің жоқтығына қарамастан, күдікті тудыратын іс жүргізу актісі жасалса, онда процессуалдық ықпал ету шаралары негізсіз қолданылады және адам күдікті ретінде заңсыз түрде іс жүргізуге тартылады. Егер күдіктенуге негіздейтін фактілік мәліметтердің жоқ болғанына қарамастан, күдікті ретінде санайтын процессуалдық акт жасалған болса, онда процессуалдық мәжбүрлеу шаралары негізсіз қолданылған және тұлғаның күдікті ретінде танылуы заңсыз болып саналады. Егер күдіктенуге негізделген дәлелдер бар бола тұра күдіктіге сәйкес процессуалдық шаралар қолданылмаса, онда мұндай тұлғаға қатысты қолданыстағы заңнама жүзеге асырылмайды. Сондай-ақ бұл ұстаным толықтай расталған, өйткені дәлелдеме – күдіктенудің негізі, ал процессуалдық акт – тұлғаны күдікті ретінде санап бекітудің нысаны болып табылады (Калиновский, 2005: 24).

Сонымен ҚПК белгіленген ретте және тәртіпке сәйкес тұлға: өзіне қатысты күдікті ретінде тану туралы қаулы шығарылған, сонымен қатар процессуалдық тәртіппен ұстап алынған, өзіне қатысты күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарылған және қылмыстық теріс қылық жасады деген күдіктің болуына байланысты жауап алынған адам күдікті болып табылады (ҚР ҚПК, 2014б).

Қазіргі қылмыстық процестегі айыпталушы туралы ұғым.

Айыпталушы – өзіне қатысты прокурордың айыптау актісі мен қылмыстық теріс қылық туралы хаттамасын бекіткен және қылмыстық істі қылмыстық заңның тиісті бабымен процессуалдық тәртіпте сотқа жіберу туралы шешім қабылдаған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру процестік келісім жасасу арқылы аяқталған адам айыпталушы болып табылады (ҚР ҚПК, 2014в).

Кінәсіздік презумпциясы айыпталушының заңды мәртебесі үшін іргелі мәнге ие, оған сәйкес айыпталушы объект емес, ал қылмыстық процесс субъектісі болып саналады; мемлекеттік

органдар айыпталушымен қарым-қатынаста айыпталушыны өзінің құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті, айыпталушыға өзінің кінәсіздігін дәлелдейтін жағдайларды жүгіндірмеу; айыпталушыны мәжбүрлі түрде айыптауға жол бермеу. Кінәсіздік презумпциясы айыпталушыға өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін жеткілікті құқықтар берілетінін хабардар болуы қажет (John M. Sheb, 1989: 37).

Адамды айыпталушы ретінде тану азаматтың (оның отбасыларының, туыстарының) моральдық азапқа ұшырауына әкеп соқтырады, сондай-ақ олардың мүліктік жағдайына әсер етуі мүмкін және ол басқа да теріс салдарларға әкеп соғады, бұл қамауға алу сияқты қатаң шараларды қолданғанға дейін және тіпті қылмыстық жаза қолданылғанға дейін азаматтардың құқықтарын шектеуге әкеледі.

Айыпталушының процессуалдық жағдайы қылмыс жасағаны үшін айыпталу фактісі бойынша анықталады. Осыған сәйкес: айыпталушыға өзіне айыптаудан өзін қорғауға мүмкіндік беретін құқықтар беріледі; оны толығымен немесе ішінара жоққа шығару, жеңілдетілген жағдайларды анықтауға жәрдемдесу (және т.б.)

Қазақстандағы күдікті пен айыпталушы институтының пайда болуы.

Қазіргі заманғы қазақстандық сот-құқықтық жүйесі жаңа тарихтың толқынында қалыптасты және ол негізінен стандартталған әрі әлемдік құқықтық жүйеге біріктірілген. Бірақ біздің халқымыздың тарихында бүгінгі таңдағы әділеттілікке жоғары деңгейде қызмет етуге, республикадағы сот жүйесін қалыптастыру үдерісін байыту мен руханиятқа толтыруға лайық, ғасырлар бойы қазақ халқының ортағасырлық мемлекеттілігінің кең ауқымында, өзінің табиғаты мен мақсаттарымен ерекшеленетін ежелгі қазақ заңы өмір сүрген уақыт болды (Onlanbekova, 2016: 129).

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты еңбегінде билер сотының маңызы туралы айтқан мына сөзінен құқықтың іс жүзіне асырылу жолын толық түсінуге болады: «Далалық демократияға, сондай-ақ тәуелсіз билер соты, әйелдердің ер азаматтармен тең құқықтығы, діни тақуалықтан аулақ болу, рулық тайпалық құрылым басшыларын көпшіліктің қалауы бойынша сайлап қою тән болатын» – деді (Назарбаев, 2003: 54).

Бұл тұрғыда, әрине, билер соты институтының мемлекеттілікті қалыптастырудағы және қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетіндегі

маңызын айту артық болмайды. Ұлы қазақ билері бізге осы күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған бай рухани мұра қалдырды. Мысалы, XIX ғасырдың белгілі ресейлік зерттеушісі В. Григорьевтің мынадай мәлімдемесі бар: «... оларда көптеген өркениетті ұлттар үшін қызғаныш тудыратындай, соншалықты керемет сот ісі жүргізілді және тергеу және сот процесінің процедуралары дамыды» (Мами, 2015).

Билер соты жоғары моральдық сот ретінде судьяның қиянатқа бармайтындығы, сот шешімдерінің мәні мен моральдық бағыттылығындағы әділеттілік, сотқа қолжетімділік пен жариялылық, судьяның шешімдерді негіздеуін және дәлелдеудің құралы ретінде пайдаланатын ерекше сөзге шебер болуы, тараптарды келісімге жеткізу үшін және қылмыспен келтірілген зиянды толық өтеттіру үшін бағытталуы сияқты қағидаларға негізделген.

Қазақтың әдеттегі заңында қылмыс фактісі бойынша іс қозғалған жоқ, бұл үдеріс жәбірленушінің бастамасы бойынша ғана басталды. Сол кезде сотқа дейін тергеу болмады және іс билер сотынан басталды.

Жәбірленушіні талапкер немесе даулаушы деп атады, ал сотталушы жауап беруші немесе жауапкер болды. Бұдан басқа, процеске екі жақтың өкілдері мен куәлар қатысты.

Билер тараптардың келісімі бойынша таңдалды. Сот ауызша, жариялы және ашық түрде өткізілді. Сот процесінің басталуына дейін, би екі жақтың бітімге келуін ұсынды, ал одан бас тартылған жағдайда тындауды бастады. Дауласудың мәні шағымданушы немесе оның өкілі тарапынан ауызша түрде айтылған, бұл жағдайда айыпталушы немесе оның өкілдері де өз нұсқасын мәлімдей алды.

Куәлардың және жауапкердің келуін қамтамасыз ету талапкерге жүктелді, бірақ бидің аталған тұлғалар сотқа келуден бас тартқан жағдайда мәжбүрлеп әкелу арқылы шақыруға құқығы болды. Бұл уақытта заң куәлардың істі шешудегі маңыздылығын атап өтті. Сұлтан-дардың, билердің және басқа ықпалды адамдардың айғақтары антсыз қабылданды. Қауымның қарапайым мүшелерінің айғақтары ант беріп растағаннан кейін ғана шындық деп саналды.

Бұл уақытта қазақтың әдеттегі құқығындағы сот процесінің маңызды институттарының бірі – ант беру болды. Халық шындықты басқа жолмен анықтау мүмкін болмаған жағдайда осы институтқа жүгінді. Билер шешімді ауызша айтты. Сот талқылауы ала жіп қиылғаннан кейін аяқталды деп есептелді (Зиманов, 2004: 72).

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, біз сол заманғы қазақ қоғамында тергеу әрекеттерінің жүргізілмегенін және билер соты жағдайды әр түрлі жолмен анықтағанын көреміз. Сондай-ақ, күдікті түсінігі сол кездерде қолданылмады, ал айыпталушыны жауап беруші деп қарады.

Алайда, XIX ғасырдан бастап, билер соты өзінің танымалдылығын жоғалта бастады, бұл барлық дерлік дерек көзімен расталады. Қазақ қоғамындағы билер соты әділеттілігі беделінің төмендеуіне не себеп болды?

Шоқан Уәлихановтың пікірінше, бұл реформалардың жасалуымен билердің қызмет саласы ауқымын қысқартқан, сондай-ақ билер сотын жүргізудің негізгі қағидаларын өзгерткен ресейлік биліктің шығарған заңдары болды. Әрине, ішінара Шоқан Уәлихановтың бұл пікірі дұрыс болды. Бірақ көшпелілер арасында сот жүйесіндегі проблемалар XIX ғасырдың 20-жылдарына дейін болды (Валиханов, 1985: 103).

Қазақстанның Ресей империясына кіруі сөзсіз қоғамдық өмірдің барлық салаларына өзгерістер әкелді.

Күдіктінің қылмыстық процестегі пайда болуы, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан да, қылмыстық процестің әлемдік тәжірибесінде де, бұл субъектінің қалыптасуы өте ұзақ және күрделі болған Қазақстан үшін де әрқашан қызығушылық тудырды.

1960 жылдары қылмыстық процесте күдіктінің тәуелсіз процедуралық фигурасы пайда болған сәттен бастап, заң қарапайым терминнен қылмыстық процестегі жеке институттың қалыптасуының қиын әрі ұзақ жолынан өтті (Звездина, 2007: 39).

Күдікті институтын құру туралы ғылымдағы идеялардың әртүрлілігі, оның Қазақстандағы қалыптасуы мен дамуына тарихи талдау жасау қажеттігін көрсетеді.

Қылмыстық процестегі күдікті институтының пайда болуы және дамуы император Александр II 1860 жылдың 8 маусымындағы «Сот тергеу мекемесі» және «Сот тергеушілеріне нұсқау», сондай-ақ «Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байланысты оқиғалар бойынша тергеу жүргізу туралы» Жарлықтары болды. Бұл құжаттар адамның күдікті ретінде танылуының негізін анықтады (Демиричан, 2008: 33).

Сот реформасын дайындау және жүзеге асыру шеңберінде, 1860 жылы қылмыстық-процестік сипаттағы заңнамалық актілер қабылданды, олар: «Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байланысты оқиғалар бойынша тер-

геу жүргізу туралы» және «Сот тергеушілеріне нұсқау».

«Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байланысты оқиғалар бойынша тергеу жүргізу туралы» Заңының 15 бабына сәйкес, полиция қылмыс жасағаны үшін күдіктілерді тұтқындауға немесе ұстауға құқылы болды және заң барлық мүліктік құқығынан айыруды немесе жеке айрықша құқықтарынан айыруды тек келесі жағдайларда талап етті:

- 1) қылмыскер қылмыс жасаған уақытта және жерде ұсталса;
- 2) құқық бұзушылық айқын және жария түрде жасалса;
- 3) қылмыстың куәлары қылмыс жасаған адамды тікелей көрсетсе;
- 4) күдіктіде немесе оның үйінде қылмыстың айқын дәлелдері табылса;
- 5) күдікті қашып кету әрекетін жасаса немесе қашып кеткеннен кейін ұсталса (Наказ полиции о производстве дознания, 1860).

Құқықтық актілердің күдіктінің процессуалдық жағдайын қалыптастыруындағы әсеріне қарамастан, осы саладағы көптеген шешілмеген мәселелер әлі де болды. Мысалы, күдіктінің процессуалдық құқығының заңнамалық реттелуі болмады және адамның күдікті жағдайында қанша уақыт болатынына байланысты шектеу көрсетілген жоқ.

Осылайша, заң шығарушы қылмыс жасағаны үшін күдік келтірілген тұлғаны күдікті ретінде таныды. Ю.Б. Чупилкиннің айтуынша, заң шығарушы күдіктінің түсінігін беретін терминдерге мән бермеген және баптың мағынасына байланысты күдікті болып табылатын адам, баптың өзінде қылмыскер, күдікті деп аталатын (Волколуп, 2005: 32).

Соған қарамастан, «Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байланысты оқиғалар бойынша тергеу жүргізу туралы» заңы Ресей мен Қазақстан тарихындағы «күдікті» термині қолданылған бірінші қылмыстық процессуалдық акт болды деп айтуға болады.

1864 жылғы сот реформасынан кейін қылмыстық-процестік қызмет «Сот тергеу мекемесі», «Сот тергеушілеріне нұсқау» және «Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байланысты оқиғалар бойынша тергеу жүргізу туралы» заңдары сөзбе-сөз енгізілген «Қылмыстық іс жүргізу туралы» Жарғымен толық реттелді. Сонымен бірге, күдікті институты Жарғыны қабылдау арқылы біршама дамыды.

Кейінірек (1864 жылдан кейін) «Полицияның қылмыс немесе заңға қайшы әрекеттерге байла-

нысты оқиғалар бойынша тергеу жүргізу туралы» заңының нормалары «Сот тергеу мекемесі» заңының құрамдас бөлігі ретінде қарала бастады. «Сот тергеу мекемесі» заңының көптеген нормаларында «күдікті» терминіне сілтеме жасалды. Дегенмен, заң шығарушының өзі «күдікті» мен «айыпталушы» ұғымдарының арасындағы айырмашылыққа мән бермеді және бұл екі термин бірін-бірі өзара алмастырады деп есептеді. Мысалы, «Сот тергеу мекемесі» заңының 407 бабында былай делінген: «бір қылмыс жасауда күдікті деп танылғандардың бір-бірінің арасында жанжалдар болмауы үшін, айыпталушылардан жеке-жеке жауап алынды» (Гуценко, 1998: 109).

Алайда, күдікті мен айыпталушылардың арасындағы айырмашылық 1898 жылғы 23 наурыздағы Сенаттың Жоғары тәртіптік қатысуымен анықталды. Онда «тек ұстап алумен ғана емес, сонымен қатар қылмыстық іс жасауда күдік келтірілген тұлғалардың шақырылуына дейін, осы адамды іс бойынша мән-жайлар негізінде айыпталушы ретінде танылған сот актісінде, соның ішінде: сот тергеушісінің осы адамды айыпталушы ретінде тартқаны туралы қаулысының болуы керек» – делінген (Макалинекий, 1907: 241).

Осылайша, 1864 жылғы «Қылмыстық іс жүргізу туралы» Жарғыға сәйкес, күдікті деп – өзіне қатысты қылмыс жасағаны үшін қылмыстық іс қозғауға мүмкіндік беретін деректер болған және оны айыпталушы ретінде тану туралы бұйрық шығарғанға дейін анықтау мен тергеу жұмыстары жүргізілген тұлға танылды. Күдікті тергеу және алдын ала тергеу өндірісіне қатыса алды.

Осы Жарғы 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін әрекет етті. 1864 жылғы Қылмыстық-процессуалдық Жарғының нормалары Қазақ КСР 1922 жылы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қабылдағанға дейін жаңа үкімет актілерімен қатар революциялық құқықтық санаға қайшы келмеді. Нормативтік актілерде «күдікті» термині ұсталғандарға және айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы таңдалған адамдарға қатысты қолданылады. Бірақ бұған дейін Ресейде 1919 жылғы 12 сәуірдегі «Революциялық трибуналдар туралы» Ережеде алғаш рет қылмыстық процесте адамды айыпталушы ретінде тартуға байланысты шешім қабылданды. Осы уақыт кезеңдерінде заң шығарушы күдіктіге қатысты бірқатар процессуалдық құқықтарды көрсетпеген және күдікті мен оның процессуалдық мәртебесінің түсінігі туралы ғылыми пікірталастар көп пайда бола бастады.

1922 және 1923 жылдардағы Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде күдікті институтының алғашқы дамуы басталды. Кодексте күдіктіні ұстаудың негізі, тәртібі және мерзімі белгіленді. Осы уақыт ішінде күдікті тергеу барысында процестегі тұрақты қатысушы болды, себебі тергеу органдарының оны айыпталушы ретінде тартуға құқығы болмады. Ерекше жағдайларда, күдіктінің алдын ала тергеуге уақытша қатысуына жол берілді. Бұл тергеу органдарының күдіктіге қатысты істі берген (егер адам ұсталған немесе күдікті ретінде одан жауап алынған жағдайда) немесе оны айыпталушы деп танығанға дейін алдын алу шарасы қолданылған жағдайда ғана пайда болған.

1929 жылы Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне өзгертулер енгізілгеннен кейін, күдікті процессуалдық фигураға айналды. Бұл тергеу органдарының алдын ала тергеуді қажет етпейтін анықтау істерін өз бетінше аяқтауға өкілеттік берілгеніне байланысты болды. Соған қарамастан, күдіктіні айыпталушы ретінде танығанға дейін одан жауап алу тәртібі сақталды (Zaitcev, 2005: 15).

КСРО прокуратурасының №41 / 26 «Тергеу сапасын арттыру туралы» арнайы Нұсқауды қабылдауы 20 жылдан астам уақытқа қылмыстық істен күдікті фигурасын алып тастауға әкелді. А.Я. Вышинский күдікті процестен қателікпен шығарылып тасталған және мұндай адамды Қылмыстық іс жүргізу кодексінде ұстау үшін негіздер болған жағдайда ғана күдікті деп қарау керек деген. М.С. Строгович күдікті қылмыстық процеске қажет фигура және оны «іс бойынша айыпталушы ретінде қатыспаған, айыпталушы деп тануға жеткіліксіз, бірақ өзіне қатысты қылмыстық іс барысында арнайы процессуалдық шаралар қолдануға байланысты мәліметтер бар тұлға» деген қорытындыға келді.

КСРО Жоғарғы Кеңесімен 1958 жылы 25 желтоқсанда КСРО-ның және одақтас республикалардың «Қылмыстық іс жүргізу негіздері» қабылданған болатын, осыған сәйкес аталған мемлекеттер белгілі бір жағдайларда тұлғаны күдікті деп танудың заңдылығы мен қажеттілігін растады және оның процессуалдық-құқықтық мәртебесінің дамуына елеулі үлес қосты. Мысалы, күдіктінің айғақтары енді дәлелдемелер ретінде қарала бастады. Осы құжаттың 32, 33 баптарында күдіктіні ұстаудың және оған бұлтартпау шарасын қолданудың тәртібі, аталған жағдайлар қолданылған кездегі оның құқықтары көрсетілді. Сонымен қатар, Құжаттың 29-бабында анықтау мен бекітуге байланысты қылмыстық

іздеу жұмыстарын жүргізу барысында күдіктіні жауапқа тарту пайда болды.

Аталған нормативтік акт күдікті институтының өзгеруі мен дамуына қатысты алғашқы маңызды қадам болды. Ондағы нормалар 1960 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне негіз болды, онда күдіктінің құқықтық мәртебесі егжей-тегжейлі көрсетілді. Мысалы, күдікті түсінігіне анықтама берілді (Қазақ КСР ҚІЖК-нің 52-бабы 1-тармағы); алғаш рет күдіктінің заңнамалық деңгейде бекітілген заңды құқықтары болды, мысалы: анықтау органының, анықтауды жүргізетін адамның, тергеушінің, прокурордың әрекеттері мен шешімдеріне шағым келтіру, түсініктеме беру (52-бап); ана тілінде дәлелдемелер беру және аудармашы қызметтерін пайдалану (17-бап); тергеушіге және анықтауды жүргізетін адамға қарсылық жасауға құқылы (64-бап). Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексі нақты тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында күдіктіге бірқатар құқықтар берді: өзінің берген анықтамаларын, мәліметтерін өз қолымен жазу (123, 152-бап); анықтау үшін қажетті адамдардың арасында кез келген орынды алу (165-бап); бетпе-бет екінші қатысушыларға және басқаларға сұрақтар қою (163-бап) (Российское законодательство X – XX вв, 1986: 64).

Сонымен қатар, Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексі күдіктінің өзіне жүктелетін міндеттерді анықтады, оның негізінде: тергеуден және анықтаудан жалтармау; қолданылатын бұлтартпау шараларының талаптарын сақтау және т.б. Әрине, Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексі, оның ішінде күдікті институтына қатысты өте прогрессивті заң болды. Дегенмен, ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлер Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексіндегі күдіктінің институты жеткілікті дамымаған деп санады. Күдіктінің қылмыстық іс бойынша құқықтарының ауқымы мен оның қылмыстық процеске келу себептеріне дейін бұл институттың түрлі аспектілері сынға ұшырады.

И.Л. Лисагор адамның күдікті ретінде танылуына байланысты шарттарды кеңейтудің маңыздылығына назар аударды, себебі қылмыстық процеске күдікті адам жиі қылмыстық процестің мәжбүрлеу шаралары қолданылмаған жағдайда (мысалы, жауап алу үшін) қатысады.

Жаңа кезең КСРО мен Одақ мемлекеттерінің 1990 жылы Қылмыстық іс жүргізу негіздерін қабылдағаннан басталды, ол 1997 жылдың соңына дейін созылды. Осы кезеңде күдікті мен айыпталушының құқықтары кеңейтілді,

олардың мәртебесі қылмыстық процестегі жеке тұлға құқықтарының жаңа нормаларына сәйкес бекітілді.

Келесі кезең 1997 жылы басталады және 2014 жылға дейін созылады. Бұл кезең 2014 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасының Жаңа Қылмыстық-процестік кодексінің қабылдануымен сипатталады, ол күдіктінің жағдайын күшейтіп, оны айыпталушы мәртебесінің деңгейіне дейін жеткізді. 2014 жылдың шілдесінде күдіктінің құқығы одан әрі кеңейтілді, енді күдікті қылмыс жасағанына байланысты күдік туралы хабар алған сәттен бастап қорғаушыны шақыру құқығына ие болды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық шарттарының оның ұлттық құқықтық жүйесінің міндетті бөлігі болып табылатындығын және біздің еліміз адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, халықаралық міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді маңызды міндеттердің бірі ретінде қарастыратындығын көрсетеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Кеңесінің халықаралық ұйымдары адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қылмыстың алдын алу мен оған қарсы күресу үшін отыздан астам акт қабылдады.

Сонымен қатар, күдіктілер мен айыпталушылардың мәртебесін белгілейтін бірнеше халықаралық актілер бар: Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы (1948), Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция (1950), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт (1976), Кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін жүзеге асырудың БҰҰ-ның ең төменгі Ережелері (1985 ж.), Қамаққа немесе қамауға кез келген нысанда ұсталған барлық адамдардың құқықтарын қорғау қағидалары (1988) және т.б.

1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясы БҰҰ-ның адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрайтын алғашқы құжаты болды. Бұл халықаралық құқықтың жетекші көздерінің бірі және көптеген мемлекеттер оны ұлттық Конституцияларда және ішкі заңдарда жазылған халықаралық құқықтың әдеттегі ережелерін қамтитын құжат ретінде қарастырады.

Декларацияның нормаларында адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға

қажетті жалпыадамзаттық құндылықтар бар. Олар әлемдік қауымдастық жинақтаған тәжірибені білдіруде (Plotnickii, 2005).

Декларацияда ұсынымдық халықаралық акт мәртебесі болғанына қарамастан, ол өзінің міндетін орындауына байланысты халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған актісінің мәртебесін алды – әрбір адам, әрбір орган құрметке ие болуға және олардың құқықтары мен бостандықтарын жалпыға ортақ тану мен жүзеге асыру үшін өзара қимыл арқылы әрекет етуге ұмтылуы тиіс (The Universal Declaration of Human Rights, 1948).

А.П. Рыжаковтың көзқарасы бойынша, Декларация нормалары тек қағидалар болғандықтан, оларды ұлттық заңнамада көрініс табуы тиіс (Ruzhakov, 2004: art 100).

1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт Адам құқықтары декларациясында бекітілген идеяларды одан әрі дамытты. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарының қағидалары бар құжат ретінде санау дұрыс. Декларацияға қарағанда, Пактінің нормалары ұсынымдық сипатта емес, осы келісімге қатысушылар үшін міндетті сипатта болуы қажет.

Қазақстан Республикасы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі ретінде әрекет ете отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы (77-бабының 3-тармағының 1-тармақшасы) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі. Бұл Қазақстан мүше болып табылатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пактінің 10 бабының 2 тармағында айыпталушыға сотталмаған тұлғаларға сәйкес келетін мәртебе берілетіндігі туралы айтылған (International Covenant on Civil and Political Rights, 1976).

Пактте айыпталушылардың құқықтық мәртебесін реттейтін бірқатар баптар бар, мысалы ұсталғандардың міндетті құқықтарына: өзіне түсінікті тілде оған қарсы айыптаудың сипаты мен себептерін дереу және егжей-тегжейлі хабарлау; қорғалуына және қорғаушысымен кездесуге жеткілікті уақыт пен мүмкіндіктер беру; сот шешімін кешіктірусіз шығару және т.б. жатады.

Күдіктілерді және айыпталушыларды ұстау үшін стандарттарды қамтитын барлық халықаралық актілерді келесі топтарға бөлуге болады: біріншіден, түрмелерде ұстау жағдайларын анықтайтын; екіншіден, азаптау мен қатыгездік

қолдануға тыйым салатын; үшіншіден, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға қатысты.

Осылайша, түрмелерде ұстау ережелерін белгілейтін стандарттар Біріккен Ұлттар ұйымының 1955 жылғы қамаудағы адамдарға қараудың Минималды стандарттары ережесінде (Токио ережелері) көрсетілген. Онда тұтқындағы барлық адамдарды және айыпталушыларды тиісті талаппен ұстауды қамтамасыз ететін барлық қажетті ережелер бар. Олардың кейбіреуі сотқа дейінгі қамауда ұстауға және күдіктілер кінәсіз деп есептеліп, олардың мәртебесіне лайық қатынаста болған кездегі кінәсіздік презумпциясына негізделген.

Токио ережелері «айыптау, сот немесе үкімді орындау жүргізілетін барлық тұлғаларға қатысты қолданылады» (2.1-ереже). Осылайша, олар сотталған адамға қылмыс үшін жаза ретінде, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушыларға үкім шығарғанға дейін қолданылуы мүмкін.

Токио ережелерінде түрмеде ұстауға байланысты емес шаралар қолданылатын адамдардың құқықтарын құрметтеудің маңыздылығы бірнеше рет атап өтіледі. Басқаша айтқанда, мемлекеттік органдардың қылмыстық сот ісін жүргізу шеңберінде де, одан тыс жерлерде де жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға байланысты шаралар қолданылуы кезінде заңдылық қағидаты сақталуы керек.

Қылмыс жасаған адамның түрмеде ұсталуына байланысты емес шараларды тағайындау туралы келісімін беру осы шараны табысты қолданудың маңызды шарты болып табылады және 3.4 ережеге сәйкес, сотпен немесе оның қатысуынсыз ресми түрде рәсімделгенге дейін қолданылатын түрмеге байланысы жоқ іс-шараларды белгілеу кезінде мұндай келісім міндетті болып табылады.

Демек, келісімге қатысты талап, сот талқылауына дейін және шешім шығарғанға дейін айып тағылған адамдарға нақты кепіл болып табылады. Түсініктемеде күдіктінің немесе сотталушының бас бостандығынан айыруға жатпайтын шараларға келісімі өте маңызды, өйткені мұндай шара тағайындалған жағдайда ресми рәсімнің орнына оның қолданылуына келісім беру, іс бойынша сот талқылауында пайда болатын заңды кепілдіктерден бас тартуға әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, айыпталушы өзіне қатысты түрмеге ұстауға байланысты емес шараларды қолданылудан бас тартудың ықтимал салдарларымен хабардар етілуі қажет және айыпталушыға осындай шара қолдануға келісімін алу үшін жанама қысым көрсетілмеуі қажет. Айыпталушының

түрмеге ұстауға байланысты емес шараларды қолданудан бас тартуы оның жағдайына теріс әсер етпеуі керек (Commentary on the United Nations Standard Minimum Rules for Non-custodial Measures, 1990: 2).

Түрмеде қамауға алумен байланыссыз шаралар туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Минималды Стандартты ережелері қылмыскерлерді қылмыстың алдын алу, заңды сақтау мен құрбандардың мүдделерін құрметтеу сияқты қоғамның қалыпты өміріне қайта оралуға көмектесуге мүмкіндік беретін, тиімді ықпал ететін құжат.

Түрлі ақпарат көздерінен халықаралық ұйымдар қамалғандарды қылмыс жасағанын мойындауға мәжбүрлеу немесе кез келген ақпаратты беру үшін азаптау жүргізетіндігі туралы мәлімет алады. БҰҰ Бас Ассамблеясы 1975 жылы қамауда отырған күдіктілер мен айыпталушыларды азаптау мен қатыгездіктердің қолданылуының алдын алу үшін Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлерінен қорғау туралы Декларацияны қабылдады.

Декларацияның ережелері 1984 жылғы Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы Конвенцияда қайталанған болатын және ұсталғандарды азаптау мен қатыгездікпен қарауға тыйым салудағы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормасы болып табылады.

Конвенция, осы құжатты ратификациялаған барлық мемлекеттерге, өздерінің заңдарына сәйкес азаптауды қылмыстық құқық бұзушылық ретінде бекітуді талап етеді.

Конвенцияның 7-бабы кез келген қылмысқа байланысты талқылау жүргізу барысында тұлғамен әділ қатынаста болуға кепілдік береді. Бұл Конвенцияның негізгі ережелерінің бірі. Сондықтан, ешбір мемлекет адамды, егер оны қандай да бір азаптауға ұшырату қаупі бар болса, басқа мемлекетке беруге міндетті емес (15-бап).

Азаптауды, ықпал ету құралы ретінде сот процесінің барлық деңгейлерінде сотталушыларға, сондай-ақ айыпталушыны (күдіктіні) алдын ала тергеу изоляторларында ұстау кезеңінде қолдануға болмайды. Азаптау қолдану арқылы алынған кез келген ақпарат дәлел ретінде пайдаланыла алмайды. Бұл норма қылмыстық жазасын өтеп жатқан сотталғандарға да толығымен қатысты (Convention against Torture and Other

Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment, 1987: art. 15).

Егер халықаралық ұйымдар қызметінің бастапқы кезеңі кез келген тұлғаның жалпыға танымал деп танылған ажырамас құқықтары мен бостандықтарын жариялауға баса назар аударса, онда болашақта әлемдік қоғамдастық қылмыстық атқару қатынастарындағы белгілі бір қатысушылардың ерекше құқықтық мәртебесіне ерекше назар аударады, мысалы, кәмелетке толмағандар, тұтқындалған адамдарға (айыпталушы, күдікті) және олардың мәртебесін дұрыс демократияландыру жолымен жүреді.

Сонымен бірге, тергеу изоляторларында күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай стандарттары әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған нормативтік-құқықтық актілер тұтқынға алу және қамауға алу, сондай-ақ бас бостандығынан айыруға тұтастай сипатта қолданылады.

Қорытынды

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейін еліміздің қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуы талай үрдістерден, кезеңдерден өтті. Қылмыстық сот өндірісінің аясына түскен субъектілердің, күдікті мен айыпталушылардың құқықтық

мәртебесі жылдан-жылға өзгертілді, толықтырылды.

Мақаланы қорытындылай отырып, көрнекті орыс философы В.С. Соловьевтің қылмыс пен жаза мәселесін зерттей келе: «Қылмысқа шыдаған – (жәбір көрген) қорғалуға және мүмкіндігінше сыйақы өндіруге құқығы бар, қоғам – қауіпсіздікке құқығы бар, қылмыскер – түзелуіне құқығы бар. Қылмыстылыққа қарсы тұру, адамгершіліктік бастамалармен үйлесе отырып, осы көрсетілген үш құқықты біркелкі жүзеге асыруы қажет» деп айтқан ой-пікірін келтіргіміз келіп отыр.

Қазақстандық қылмыстық заңнаманы реформалау бойынша жүргізіліп жатқан шаралар, адам құқықтарын, соның ішінде қылмыстық процесітегі күдікті мен айыпталушының құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік қамтамасыз етудің берік жүйесін құруға бағытталуы тиіс.

Қылмыстық сот өндірісінің аясына түскен тұлғалардың, яғни күдікті мен айыпталушылардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын қорғауды қамтамасыз ету механизмін жетілдіру; іс жүргізу барысында аталған тұлғаларды қорлауға, азаптауға, кінәсіз айыптауға жол бермеу; қылмыстық процестік заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру – бұл демократиялық, құқықтық Қазақстанның маңызды мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Ахпанов А.Н. (2007) Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: учебное пособие. – Карағанды: КЮИ МВД РК. - 210 с.
- 2 Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>
- 3 Сулейменова Г.Ж. (2012) Заключение научно-правовой экспертизы Концепции проекта Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31276652
- 4 «Rights of the Accused.» Civil Rights in America, Primary Source Media, 1999. American Journey.U.S. History in Context, link.galegroup.com/apps/doc/EJ2163000455/UHIC?u=oldt1017&xid=f297f5e2. Accessed 5 Nov. 2017.
- 5 Когамов М.Ч. (2005) Уголовный процесс Казахстана: актуальные вопросы // Вестник Карагандинского юридического института МВД РК, №2 (12). – С. 10-15.
- 6 Башкатов Л.Н., Ветрова Г.Н. (2002) Глава 7. Участники уголовного судопроизводства на стороне защиты // Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации. – М: ООО «ТК Велби», 92 с.
- 7 Қазақстан Республикасының 4 шілде 2014 жылы қабылданған Қылмыстық-процестік кодексі. № 231-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231>
- 8 Калиновский К.Б. (2005) Уголовный процесс. – СПб.: Питер. – 160 с.
- 9 John M. Sheb and John M. Sheb II (1989) Criminal Law & Procedure. – 137 p.
- 10 Onlanbekova G.M. (2016) The history of development of judicial power in the period of Kazakh change // Международный научный журнал «СИМВОЛ НАУКИ». - №2/2016. – P. 129.
- 11 Назарбаев Н.Ә. (2003) Тарих толқынында. – Алматы. – 288 б.
- 12 Маами К. (2015) Суд биев // <http://sud.gov.kz/rus/content/sud-biev>
- 13 Зиманов С.З. (2004) Қазақ даласында әділ соттың «Алтын ғасыры» // Қазақтың Ата заңдары. 10 томдық. III том. – Алматы. – 616 б.
- 14 Валиханов Ч.Ч. (1985) Собрание сочинений в пяти томах. – Алматы. – Т. 1. – 526 с.

- 15 Звездина Е.И. (2007) Исторические и процессуальные аспекты института подозреваемого // Право и политика. – №5. – С. 39
- 16 Демиричан В.В. (2008) Институт подозреваемого в российском уголовном процессе: история и современность // Общество и право. – № 1. – С. 33
- 17 «Наказ полиции о производстве дознания по происшествиям, могущим заключать в себе преступление или проступок» (1860) статья 15.
- 18 Волколуп О.В., Чупилкин Ю.Б. (2005) Гарантии прав участников уголовного судопроизводства Российской Федерации: учеб. пособие. 2-е изд., испр. и дополн. – Краснодар: Кубанский государственный университет. – 97 с.
- 19 Гуценко К.Ф. (1998) Уголовный процесс: учебник. – Москва. – 205 с.
- 20 Макалинекий П. В. (1907) Практическое руководство для следователей. Изд. 6-е. – СПб. – 104 с.
- 21 Zaitcev O.A., Smirnov P.A. (2005) Suspect in the criminal process. – М. – 117 p.
- 22 Российское законодательство X – XX вв. Т. 4. – М., 1986. – 512 с.
- 23 Plotnickii A.V. Application of a measure of restraint in the form of detention to the person who is wanted // The Russian investigator. – 2005. – № 3.
- 24 Universal Declaration of Human Rights. Adopted by the resolution 217 A (III) of the United Nations General Assembly on 10 December 1948 // <http://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/index.html>
- 25 Ryzhakov A. P. Election of a measure of restraint concerning the person suspected of crime execution (suspect). The comment to Art. 100 of the Code of Criminal Procedure of the Russian Federation. – 2004 // Union of Right Forces Consultant plus. Comments of the legislation.
- 26 THE INTERNATIONAL COVENANT ON CIVIL AND POLITICAL RIGHTS. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 2200A (XXI) of 16 December 1966 entry into force 23 March 1976, in accordance with Article 49 // <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx>
- 27 UN doc. ST/CSDHA/22, Commentary on the United Nations Standard Minimum Rules for Non-custodial Measures (the Tokyo Rules)-1990: p. 2.
- 28 Convention against Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 39/46 of 10 December 1984 entry into force 26 June 1987 // <http://www.ohchr.org>

References

- 1 Akhpanov A.N. (2007) Ugolovno-protsessual'noye pravo Respubliki Kazakhstan: Uchebnoye posobiye [The criminal procedure law of the Republic of Kazakhstan].- Karagandy: KYUI MVD RK.- 210 s.
- 2 Bashkatov L.N., Vetrova G.N. (2002) Glava 7. Uchastniki ugovnogo sudoproizvodstva na storone zashchity [Chapter 7. Participants in criminal proceedings on the defense side] // Kommentariy k Ugolovno-protsessual'nomu kodeksu Rossiyskoy Federatsii.- М.: ООО «TK Velbi».- 92 s.
- 3 Convention against Torture and Other Cruel, Inhuman or Degrading Treatment or Punishment. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 39/46 of 10 December 1984 entry into force 26 June 1987 // <http://www.ohchr.org>
- 4 Demirichan V.V. (2008) Institut podozrevayemogo v rossiyskom ugovnom protsessе: istoriya i sovremennost' [Institute of the suspect in the Russian criminal trial: history and modernity]// Obshchestvo i pravo. – № 1. – S. 33
- 5 Gutsenko K.F. (1998) Ugolovnyy protsess: Uchebnyk [Criminal process].- Moskva.- 205 s.
- 6 John M. Sheb and John M. Sheb II (1989) Criminal Law & Procedure.- 137 p.
- 7 Kalinovskiy K.B. (2005) Ugolovnyy protsess [The Criminal Process].- SPb: Piter.- 160 s.
- 8 Kogamov M.Ch. (2005) Ugolovnyy protsess Kazakhstana: aktual'nyye voprosy [The Criminal Process of Kazakhstan: Topical Issues] // Vestnik Karagandinskogo yuridicheskogo instituta MVD RK, №2 (12).- S. 10-15.
- 9 Makalinekiy P. V. (1907) Prakticheskoye rukovodstvo dlya sledovateley [A practical guide for investigators]. Izd. 6-ye.- SPb.- 104 s.
- 10 Mami K. (2015) Sud biyev [The court of biys] // <http://sud.gov.kz/rus/content/sud-biev>
- 11 «Nakaz politzii o proizvodstve doznaniya po proissheshtviyam, mogushchim zaklyuchat' v sebe prestupleniye ili prostupok» (1860) stat'ya 15 [«A police order to conduct inquiries on incidents that may involve a crime or misdemeanor» (1860), Article 15]
- 12 Nazarbaev N.A. (2003) Tarih tolkininda [In the stream of history]. – Almati.- 288 b.
- 13 Onlanbekova G.M. (2016) The history of development of judicial power in the period of Kazakh change // Mezhdunarodnyy nauchnyy zhurnal «SIMVOL NAUKI».- №2/2016.- P. 129.
- 14 Plotnickii A.V. Application of a measure of restraint in the form of detention to the person who is wanted // The Russian investigator. – 2005. – N. 3.
- 15 Qazaqstan Respublikasinin 2010 jildan 2020 julga deyingi kezenge arnalgan kukiktik sayasat tujirimdaması turali KR Prezidentinin 2009 julgi 24 tamızdagi N 858 Jarligi [On Conception of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020. The Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated 24 August 2009 No. 858] // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>
- 16 Qazaqstan Respublikasinin 4 shilde 2014 jili kabildangan Kilmistik-procestik kodeksi [The Code of Criminal Procedure of the Republic of Kazakhstan]. № 231-V KRZ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K140000231>
- 17 Rossiyskoye zakonodatel'stvo X – XX vv [Russian legislation X – XX centuries]. T. 4. – М., 1986. – 512 s.

- 18 «Rights of the Accused.» Civil Rights in America, Primary Source Media, 1999. American Journey.U.S. History in Context, link.galegroup.com/apps/doc/EJ2163000455/UHIC?u=oldt1017&xid=f297f5e2. Accessed 5 Nov. 2017.
- 19 Ryzhakov A. P. Election of a measure of restraint concerning the person suspected of crime execution (suspect). The comment to Art. 100 of the Code of Criminal Procedure of the Russian Federation. – 2004 // Union of Right Forces Consultant plus. Comments of the legislation.
- 20 Suleymenova G.ZH. (2012) Zaklyucheniye nauchno-pravovoy ekspertizy Kontseptsii proyekta Ugolovno-protsessual'nogo kodeksa Respubliki Kazakhstan [Conclusion of the scientific and legal expertise of the Concept of the draft of the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31276652
- 21 THE INTERNATIONAL COVENANT ON CIVIL AND POLITICAL RIGHTS. Adopted and opened for signature, ratification and accession by General Assembly resolution 2200A (XXI) of 16 December 1966 entry into force 23 March 1976, in accordance with Article 49 // <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx>
- 22 Universal Declaration of Human Rights. Adopted by the resolution 217 A (III) of the United Nations General Assembly on 10 December 1948 // <http://www.un.org/en/universal-declaration-human-rights/index.html>
- 23 UN doc. ST/CSDHA/22, Commentary on the United Nations Standard Minimum Rules for Non-custodial Measures (the Tokyo Rules)-1990: p. 2.
- 24 Valikhanov CH.CH. (1985) Sobraniye sochineniy v pyati tomakh [Collected works in five volumes]. – Almaty, T.1. – 526 s.
- 25 Volkolup O.V., Chupilkin YU.B. (2005) Garantii prav uchastnikov ugolovnogo sudoproizvodstva Rossiyskoy Federatsii [Guarantees of the rights of participants in the criminal proceedings of the Russian Federation]. Ucheb. posobiye. 2-ye izd., ispr. i dopoln.- Krasnodar: Kubanskiy gosudarstvennyy universitet.- 97 s.
- 26 Zaitcev O.A., Smirnov P.A. (2005) Suspect in the criminal process.- M.- 117 p.
- 27 Zimanov S.Z. (2004) Kazak dalasinda adil sottin «Altin gasiri» [The «Golden Age» of the judiciary in the Kazakh steppes] // Kazaktin Ata zandari. 10 tomdik. III tom. – Almaty. – 616 b.
- 28 Zvezdina Ye.I. (2007) Istoricheskiye i protsessual'nyye aspekty instituta podozrevayemogo [Historical and procedural aspects of the institution of the suspect] // Pravo i politika. – № 5.- S. 39